

(1-4.03 - 2021ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Музыка жетекшісі: Ерболова Е.С..

Әдіскер: Шамганова С. О. Сәлесенбек 01.03.2022 ж.

<b>Сейсенбі - Бейсенбі</b> <b>Ортаңғы топ "Ертөстік"</b> <b>15-20 мин.</b>	<b>Сәрсенбі - Жұма</b> <b>Ортаңғы топ "Балауса"</b> <b>15-20 мин.</b>	<b>Дүйсенбі - Жұма" Ортаңғы</b> <b>топ Күншүақ"</b> <b>15-20 мин.</b>	<b>Дүйсенбі - Сейсенбі"</b> <b>Ортаңғы топ Кызгалдақ"</b> <b>15-20 мин.</b>
----------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------

**Білім беру саласы:** Шыгармашылық

**Болімі:** Музыка.

**Тақырыбы:** «Әй-әй, бөпем»

**Мақсаты:** Бесікке салу дәстүрі туралы баяндау. Әлди әнінің ерекшелігін түсіндіру.

**Репертуары:** Ән тындау: «Бесік жыры» Халық әні. Ән айту: «Әжеммен каламын» Л.Сүйінбаева.

**Әуенде-ырғақты қымыл,** ойын: «Бипыл» Халық әні.

**Көрнекілік:** Отбасы мүшелерінің суреті. Күйршақтың төсегі. Күйршак.

**Дидактикалық ойын:** «Гүлдер жинау»

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Ән жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Мотивациялық - қозғаушылық</b>	<p>Балалар залға «Марш» музыкасымен келеді. Музыка ырғағына ілесіп, аяқты нық басуға, тізбектеліп шенбер бойымен жүре айту. Шаттық шенберін құрып, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.</p> <p>Куан, шаттан алақай!</p> <p>Куанатын күн келді. Қайырлы таң!</p> <p>Қайырлы күн, балақай,</p> <p>Күліп шықты күн бүгін!</p> <p>Үстел үстінде қуыршақ Айгүл күтіп отырады. Жанында жататын төсегі.</p> <p>Сөйлемейсің сен неге, Тілің жоқ па қуыршақ? Біз күлгенде күлмейсің, Аңқаусың ба қуыршақ? Бізбен бірге жүрмейсің, Жалқаусың ба қуыршақ? (Р.Тышқанбаев).</p>	<p>Балалар көнілді әуенмен музыка залына келеді.</p> <p>Шаттық шенберінде бір-біріне жылы лебіздерін айтады.</p> <p>Балалар қолын шапалақтайды.</p>

<p><b>Үйымдастыру-іздену</b></p>	<p>—Бугін бізге қонаққа Айгүл қуыршақ келіп отыр. Айгүл жыламайды, құлмейді, жүгірмейді. Бірақ сендер не істесендер де тамашалап қарайды. Әндерінді тыңдал, билерінді қызықтайды. Айгүлдің жанында төсегі бар, шаршаса, демалады. Анасы немесе әжесі бөлесін бесікке жатқызып, ұйықтатар алдында «Бесік жырын» айтқан.</p> <p><b>Ән тыңдау:</b> «Әлди, әлди бөлем-ай» (Б.Аманжол, Г.Аманжол). Куыршақты бесігіне жатқызып «Бесік жыры» айтылады.. әрбір ана сәбиін осылай ұйықтатады. Айгүл ұйқыдан оянды. Әжелерің сендерді әндептіп ұйықтатады, мәпелейді, баптайды, тамақтарынды беріп, киімдерінді жуады. Ал, біз әжемізге арнап ән айтамыз.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Әжеммен қаламын» Л.Сүйінбаева.</p> <p>Күн көзіндегі күлімдеп, Құшағыңа аласын,-деп, қолды жайып күнді көрсетіп, баласын құшақтағанын салу. Әнді айтқанда, дауысты көтермей, әжелерді көз алдымызға елестетіп, әжеміздің құшағын сезіне отырып, әндете айтуды қажет етеді.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Гүлдер жинау»</p> <p><b>Әуенде-ыргақты қимыл:</b> «Бипыл» Халық әні.</p>	<p>Балалар қуыршақ Айгүлмен амандасады, қызықтайды.</p> <p>Бесік жырын» тыңдайды. Бұл әннің қай кезде айтылатынын ұғынуға тырысады.</p> <p>Әрқайсысы өз әжесі туралы айтып беруге тырысады.</p>
<p><b>Жетекші жөндеуші</b></p>	<p>Куыршақ Айгүл балаларға раҳметін айтады. Көңілі көтеріліп қалғанын жеткізіп, мадақтайды.</p> <p>Ойынға белсене қатынасқан балаларды мақтап, қоштасады.</p>	<p>Балалар қуана қоштасып, шығып кетеді.</p>

#### Күтілетін нәтиже:

**Біледі:** Ананы қастерлей білу керектігін.

**Игереді:** Әнді тыңдай отырып, құндызым, жұлдызым деген сөздердің не үшін айтылғанын, бесік жырының әуенін ажыратады.

білуді.

**Менгереді:** Музыканы тыңдай отырып, әуен ыргағына сай қимыл жасауды.

**(7-11.03) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы**

Музыка жетекшісі: Ерболова Е.С..

Әдіскер: Шамганова С. О.

*олисенбі 07.03.2022 ж.*

<i>Сейсенбі - Бейсенбі Ортаңғы топ "Ертөстік" 15-20 мин.</i>	<i>Сәрсенбі - Жұма Ортаңғы топ "Балауса" 15-20 мин.</i>	<i>Дүйсенбі - Жұма" Ортаңғы топ Күншуақ" 15-20 мин.</i>	<i>Дүйсенбі - Сейсенбі" Ортаңғы топ Кызгалдақ" 15-20 мин.</i>
----------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------

Білім беру саласы: Шыгармашылық

Бөлімі: Музыка.

Тақырыбы: «Наурызым-мерекем»

**Мақсаты:** Наурыз мерекесі туралы түсініктерін кеңейту. Әуезді әндегі іскерліктерін дамыту. Би қимылын бекіту.

**Репертуары:** Ән тындау: «Наурыз-біздің жана жыл» Ж.Қалжанова. Ән айту: «Наурыз» Т.Баклан.

Ойын: «Тақия тастамак»

Әуенде-ырғакты қимыл: Жетекшінің қалауы бойынша

Көрнекілік: Отбасы мүшелерінің суреті. Куыршақтың төсегі. Куыршак.

Дидактикалық ойын: «Ән салған кім?»

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Ән жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Мотивациялық - қозғаушылық</b>	<p>Төрде Наурыз дастарханы жайылған. Дастиархан басында ата мен әже отырады. Мерекелік музыка қойылып, көтеріңкі көніл-күймен келген балаларды ата мен әже екеуі қарсы алады. Ата мен әже балаларды жылды ықыласпен дастиархан басына жайғастырады.</p> <p><b>Ата:</b> Қош келдіңіздер, бұлдіршіндер! Міне, бүгін Наурыз мерекесі тойланып жатыр. Мерекеде халқымыз бір-біріне деген өкпеназын ұмытып, құшақтасып қауышады, төс қағыстырады. Бір-бірінің үйлеріне кіріп, адапт астан ауыз тиеді.</p> <p><b>Әже:</b> Қыстап аман-есен шыққан халық бүтінгі күн мен тұн теңелген күні дастиархан жасап тойлады. Дастиарханға құрт, ірімшік, жент, бауырсақ, неше түрлі ұлттық тағамдар қойылады. Жеті түрлі тағамнан наурызкөже жасалады. Келер жылға аман жетейік деген тілек тілейді.</p> <p>-Ата, әже, біздің балалар да құр қол келген жоқ, сіздерге мерекелік өнерлерін ала келді.</p> <p><b>Ән айту:</b>«Наурыз» Т.Баклан. орындауды.</p>	<p>Балалар көтеріңкі көніл күймен ата мен әже отырган жерге келеді. Атамен, әжемен амандасады.</p> <p>Наурыз туралы әнгімелерді мұқият тындауды.</p> <p>Балалар әженің ұлттық тағам туралы әнгімелерді мұқият тындалап тағамдардан дәм татады.</p> <p>Балалар наурыз туралы тақпақтарын, әндерін айтады.</p>

Үйимдастыру-іздену	<p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Эн салған кім?» Балаларды шенбер бойымен отырғызып, көздерін жұмып отыруын сұрайды. Бір баланы шетке шығарып, ән айтқызады. Көзін жұмып отырған балалар, кім ән салғанын табуы керек.</p> <p><b>Ән тыңдау:</b> «Наурыз-біздің жаңа жыл» Ж.Қалжанова</p> <p>Балалар қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіндер?</p> <p><b>Әуенді-ырғақты қимыл:</b> Балалар үйренген билерін ата мен әжеге орындал береді.</p>	<p>Балалар «Эн салған кім?» ойнынын ойнайды.</p> <p>Балалар өткен сабактағы үйренген билерін орындал береді</p>
Жетекші-жөндеуші	<p>Ата мен әже Наурыз туралы сұрақтар қояды. -Сонымен қандай ұлттық тағамдарды білесіндер?</p> <p>-Наурызкөже деген не?</p> <p>-Ішіне неше түрлі дәм қосылады? Ата мен әже балаларға ризашылықтарын білдіріп, мақтау сөздер айтып, шығарып салады.</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап бері, көтерінкі көңіл-күймен тарайды</p>

#### **Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**Наурыз мерекесіндегі дәстүрлі ұлттық тағамдар жайлы.

**Игереді:**Дархан даала, ақ дастархан деген түсініктерді

**Менгереді:**Мереке кезінде төс қағыстырып амандасуды, өкпе-наздарын ұмыту керектігін.

14-25.03.2022 ж «Жауқазын» бөбеккай бакшасы

Әдіскер: Шамганова С. О. Алғанұр - 14.03.2022

Мұтықа жетекшісі: Ерболова Е.С..

<i>Сейсенбі - Бейсенбі</i> <i>Ортаңғы топ "Ертостік"</i> <i>15-20 мин.</i>	<i>Сәрсенбі - Жұма</i> <i>Ортаңғы топ "Балауса"</i> <i>15-20 мин.</i>	<i>Дүйсенбі - Жұма"</i> <i>Ортаңғы топ Күнишук"</i> <i>15-20 мин.</i>	<i>Дүйсенбі - Сейсенбі"</i> <i>Ортаңғы топ Кызылдақ"</i> <i>15-20 мин.</i>
<b>Білім беру саласы: Шығармашылық</b>  <b>Белімі: Музыка.</b>	<b>Такырыбы: «Өнер көзі халықта»</b>  <b>Максаты:</b> Халық әндері арқылы казак онерімен таныстыру. Ұлттық сазбен сусындуту.  <b>Репертуары:</b> Ән тыңдау: «Еркем-ай» Халық әні. Ән айту:«Наурыз» Т.Баклан  <b>Эуенде-ыргакты кимыл, ойын:</b> «Хан талапай» ойны  <b>Көриекілік:</b> Көктем көрінісін бейнелейтін суреттер  <b>Дидактикалық ойын:</b> «Кандай аспап?»	<b>Балалардың іс-әрекеті</b>	

<b>Оқу іс-әрекет кезеңдері</b>  <b>Мотивациялық-козгаушылық</b>	<b>Ән жетекшісінің іс-әрекеті</b>  Балаларға «Казак маршы» (Е.Затаевич) әуеніне шенбер бойымен журууді ұсынады. Шенберден шықпай, тізбектеле жүріп, тұлғаларын тузу үстап, бастарын көтеріп жүрүлдерін қадагалайды. Балаларды екі топқа беліп, кезекпен жаттығуды орындауды ұсынады. Балаларға оркестрдің суретін көрсетіп, артурлі аспаптар туралы түсінік береді. Балалардан таныс аспаптарды атап көрсетулерін сұрайды. Барлық аспаптардың косылыш, үндесіл, әсем ауен шығаратынын жеткізеді.	<b>Балалардың іс-әрекеті</b>  Балалар тізбектеле, шенбер бойымен, ауен екпінімен жүреді. Бастарын көтеріп, аяктарын нық басады. Балалар шенбер күрші тұрады. Суретке карал, дирижер, оркестр туралы түсінік алады. Таныс аспаптарды атап, суреттен көрсетеді.
-----------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

<p><b>Жетекші-жөндеуші</b></p>	<p><b>Ән тыңдау:</b> «Еркем-ай» Халық әні  <b>Дауыс жаттығуы:</b> «Керней» (Д.Ботбаев, А.Асылбек) айтылып, «та-ра» буындарын анық айту үшін бірнеше рет қайталады.  <b>Ән айту:</b> «Наурыз» Т.Баклан әнін балаларға орындалап береді.  <b>Дидактикалық ойын:</b> «Қандай аспап?»  Ойын шартын түсіндіреді. Балалардың имитация түрінде аспаптарда ойнау қимылын бірге көрсетулерін сұрайды, әнді ырғағымен, әндете айтуларын қадағалап, ескертеді..</p>	<p>Әнді тыңдалап, әсерленіп көніл күйлері көтеріледі.  Дауыс жаттығуын әндете дауысталп айтуға талпынады. "р" әрпін анық айтуға, дұрыс тыныс алуға тырысады.  Көнілді әнге елікте, аспаптар атын бірге әндете. Әннің мазмұнын түсініп, жеткізе білуге әрекеттенеді. Балалар ойынға белсене араласады. Әннің әуенін дәл келтіріп, аспаптарда ойнауды имитация арқылы көрсетеді.</p>
<p><b>Ұйымдастыру- іздену</b></p>	<p>"Еркем-ай" әнін оркестрде ойнауды ұсынып, балаларға өздері қалаған аспаптарын таңдауға рұқсат береді.  Оркестрде қандай аспаптар ойнайды?  Дирижер дегеніміз кім?  Біздің оркестрімізде қандай аспаптар бар?  Жаңа әннің сипаты, екпіні қандай? Сұрақтар қойып оку іс-әрекетін бекітеді. Балаларды мадақтайды.  Ұйден қатты қағазға домбыраның суретін салып, қиып әкелуді ұсынады.</p>	<p>Балалар аспаптарды таңдалап алыш, іnniң ырғағымен өз партияларын орындаиды.  Сұрақтарға толық жауап береді.  Концерт, теледидардан көргендерін, тыңдаған оркестрлері туралы әңгімелейді.</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Көктем құбылыстарын айта біледі.

**Игереді:** Бүршік атты, сай-саладан су ақты деген түсініктерді.

**Менгереді:** «Қақпа» ойынын ойнауды, әнді нақышына келтіре орындауды.

(28-4.03 - 2024ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Музыка жетекшісі: Ерболова Е.С..

Әдіскер: Шамғанова С. О.

Салтанат 28.03.2022 ж.

<b>Сейсенбі - Бейсенбі</b> <i>Ортаңғы топ "Ертостік"</i> 15-20 мин.	<b>Сәрсенбі - Жұма</b> <i>Ортаңғы топ "Балауса"</i> 15-20 мин.	<b>Дүйсенбі - Жұма"</b> <i>Ортаңғы топ Күншүақ"</i> 15-20 мин.	<b>Дүйсенбі - Сейсенбі"</b> <i>Ортаңғы топ Кызгалдақ"</i> 15-20 мин.
---------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка.

Тақырыбы: «Әй-әй, бөпем»

Мақсаты: Бесікке салу дәстүрі туралы баяндау. Әлди әнінің ерекшелігін түсіндіру.

Репертуары: Ән тыңдау: «Бесік жыры» Халық әні. Ән айту: «Әжеммен қаламын» Л.Сүйінбаева.

Әуенжді-ырғақты қымыл, ойын: «Бипыл» Халық әні.

Көрнекілік: Отбасы мүшелерінің суреті. Куыршақтың төсегі. Куыршақ.

Дидактикалық ойын: «Гүлдер жинау»

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Ән жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	<p>Балалар залға «Марш» музыкасымен келеді. Музыка ырғағына ілесіп, аяқты нық басуға, тізбектеліп шеңбер бойымен жүре айту. Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді. Куан, шаттан алақай!</p> <p>Куанатын күн келді. Қайырлы таң! Қайырлы күн, балақай, Күліп шықты күн бүгін! Устел үстінде қуыршақ Айгүл күтіп отырады. Жанында жататын төсегі.</p> <p>Сөйлемейсің сен неге, Тілің жоқ па қуыршақ? Біз күлгенде күлмейсін, Анқаусың ба қуыршақ? Бізбен бірге жүрмейсін, Жалқаусың ба қуыршақ? (Р.Тышқанбаев).</p>	<p>Балалар көнілді әуенмен музыка залына келеді.</p> <p>Шаттық шеңберінде бір-біріне жылы лебіздерін айтады.</p> <p>Балалар қолын шапалактайды.</p>

<p><b>Ұйымдастыру- іздену</b></p>	<p>–Бугін бізге қонаққа Айгүл қуыршақ келіп отыр. Айгүл жыламайды, құлмейді, жүгірмейді. Бірақ сендер не істесендер де тамашалап қарайды. Әндерінді тыңдал, билерінді қызықтайды. Айгүлдің жанында төсегі бар, шаршаса, демалады. Анасы немесе әжесі бөпесін бесікке жатқызып, ұйықтатар алдында «Бесік жырын» айтқан.</p> <p><b>Ән тыңдау:</b> «Әлди, әлди бөпем-ай» (Б.Аманжол, Г.Аманжол). Куыршақты бесігіне жатқызып «Бесік жыры» айтылады.. әрбір ана сәбиін осылай ұйықтатады. Айгүл ұйқыдан оянды. Әжелерің сендерді әндептіп ұйықтатады, мәпелейді, баптайды, тамақтарынды беріп, киімдерінді жуады. Ал, біз әжемізге арнап ән айтамыз.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Әжеммен қаламын» Л.Сүйінбаева.</p> <p>Күн көзіндегі күлімдеп, Күшағыңа аласың,-деп, қолды жайып күнді көрсетіп, баласын күшақтағанын салу. Әнді айтқанда, дауысты көтермей, әжелерді көз алдымызға елестетіп, әжеміздің күшағын сезіне отырып, әндете айтуды қажет етеді.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Гүлдер жинау» <b>Әуенді-ырғақты қимыл:</b> «Бипыл» Халық әні.</p>	<p>Балалар қуыршақ Айгүлмен амандасады, қызықтайды.</p> <p>Бесік жырын» тыңдайды. Бұл әннің қай кезде айтылатынын ұғынуға тырысады.</p> <p>Әрқайсысы өз әжесі туралы айтып беруге тырысады.</p>
<p><b>Жетекші- жөндеуші</b></p>	<p>Куыршақ Айгүл балаларға раҳметін айтады. Көңілі көтеріліп қалғанын жеткізіп, мадақтайды.</p> <p>Ойынга белсене қатынасқан балаларды мақтап, қоштасады.</p>	<p>Балалар қуана қоштасып, шығып кетеді.</p>

#### **Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ананы қастерлей білу керектігін.

**Игереді:** Әнді тыңдай отырып, құндызым, жұлдызым деген сөздердің не үшін айтылғанын, бесік жырының әуенін ажырата білуді.

**Менгереді:** Музыканы тыңдай отырып, әуен ырғағына сай қимыл жасауды.

**(8-11.04 - 2022ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы**

Музыка жетекшісі: Ерболова .Y.C..

Әдіскер: Шамғанова С. О. Саломея - 08.04.2022 ж.

<i>Сейсенбі - Бейсенбі Ортаңғы топ "Ертөстік" 15-20 мин.</i>	<i>Сәрсенбі – Жұма Ортаңғы топ "Балауса" 15-20 мин.</i>	<i>Дүйсенбі – Жұма" Ортаңғы топ Күншүақ" 15-20 мин.</i>	<i>Дүйсенбі – Сейсенбі" Ортаңғы топ Кызгалдақ" 15-20 мин.</i>
----------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------

**Білім беру саласы: Шығармашылық**

**Бөлімі: Музыка.**

**Тақырыбы: «Әдемі көбелек»**

**Мақсаты: а) Көркем ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенде есту, сезіну ән айту қабілеттерін арттыруын дамыту.**

**Колданылатын көрнекі құралдар: Бірнеше себетке салынған гүл шоқтары, сымға қондырылған қағаздан жасалған көбелек.**

**Сөздік жұмыс: Көбелек, ақ қанатты, көк қанатты.**

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Ән жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Мотивацияция лъық-козгаушылық</b>	<p>Зал ішіне гүлдер қойылып, «гүл алаңы» жасалады. Музыка жетекшісі балаларды көңілді қарсы алады. «Гүлдермен би» (Т.Вилькорейская) жаттығуын қайталайды. Өуен ырғағын тыңдалап, жеңіл, еркін қимылдауларын қадагалайды.</p> <p>Қане, достар, түрмайық, Гүлдерді тез жинайық,-деп, гүлдерді себетке жинап салуды ұсынады. Музыка жетекшісі себеттерді залдың ортасына қойып, көбелекті «ұшырып», әкеледі. Музыка жетекшінің қалауымен ұнтаспада вальс ойналып, көбелек сымын ыргақпен қозгайды.</p> <p>Дала гүлге толыпты, Көбелек гүлге қоныпты.-деп, көбелекті гүлдерге қондырады.</p> <p>–Балалар, қарандаршы, қандай әдемі көбелек! Қанаттары құлпырып, көз тартады. Көбелекті гүлге қондырдық, енді ән тыңдайық.</p>	<p>Балалар музыка әуенімен залға кіріп, гүлдерге көңіл аудара қарал, қызықтайды.</p> <p>Гүл алаңынан ұнған гүлдерін таңдалап алады.</p> <p>Балалар үлкендердің көрсетуімен бірге билеуге әрекет етеді.</p> <p>Көңілді жүгіре басып, гүлдерді себеттерге салуға талпынады.</p> <p>Балалар, «ұшып жүрген» көбелекті көріп куанады.</p> <p>Көбелекке жақындал, қызықтайды.</p> <p>Қанаттарын ұстап көруге талпынады.</p> <p>Балалар әнді шаттана қылдалап, мәтінге сай қимылдарды көрсетеді.</p> <p>Колдарын созып күнді, саусақтарын козғалта тамшыларды бейнелеп көрсетеді.</p>

	<p>Ән тыңдау «Көктем» (К.Куатбаев, А.Асылбек). Әннің 2-шумагын орындаған береді. Ән мәтініне сәйкес, балалардың педагогипен бірге қимыл-қозғалыс жасауларын бақылайды. «Гүлзардагы көбелектер» ойыны. (А.Арсенский). Ыргакпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуеннің соңында «көбелектерді» гүлге қондыру қажеттігін түсіндіреді.</p>	<p>Қолдарын екі жаққа созып, көбелек қанаттарын көрсетіп, жеңіл жүгіреді, айналады. Балалар гүлдерге бөлініп, жүгіреді, қуанады. Қолдарын созып, көбелектердің қанатын бейнелеуге әрекеттегенді. Әуенмен ілесе жеңіл жүгіріп, бір орында айналыш, гүлге жақындала отырады. Көбелектер «гүлге қонады».</p>
--	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

### **Күтілетін нәтиже:**

**Біледі.** Гүлдер әннің шырқалуын.

**Игереді:** Әнді тыңдай отырып, гүлдер биінің қозғалысын біледі.

**Менгереді:** Музыкаға қосылып ырғағына сай қимыл жасауды.

(04-8.04 - 2022ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Музыка жетекшісі: Ерболова .Y.C..

Әдіскер: Шамғанова С. О. Саломея 04.04.2022 н.

<i>Сейсенбі - Бейсенбі Ортаңғы топ "Ертөстік" 15-20 мин.</i>	<i>Сәрсенбі - Жұма Ортаңғы топ "Балауса" 15-20 мин.</i>	<i>Дүйсенбі - Жұма" Ортаңғы топ Күнишүақ" 15-20 мин.</i>	<i>Дүйсенбі - Сейсенбі" Ортаңғы топ Кызгалдақ" 15-20 мин.</i>
----------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------

Білім беру саласы: Шығармашылық

Белімі: Музыка.

Тәқырыбы: «Аялайық гүлдерді»

Мақсаты: а) Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би кимылдарын орындауға дағдыландыру. Табиғи дауыспен ән айтуда үйрету.

Көлданылатын көрнекі құралдар: Себетке салынған гүл шоқтары, сымға қондырылған қағаздан жасалған көбелек.

Сөздік жұмыс: Гүлдер мен көбелектер

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Ән жетекшісінің іс-әрекеті	Балалар дың іс- әрекеті
Мотивация лық- козғаушылық	<p>-Балалар бізге бүгін көптеген қонақтар келіпті, кәне бәріміз алдымен сәлемдесіп алайық Куанамын менде, Куанасың сенде, Куанайық достар Келді қонақ бізге. Ал енді балалар мен сендерге бір шумақ өлең оқып беремін. Ол өлең не туралы айттылғанын мухият тындандар.</p> <p>Гүлдер, гүлдер көп гүлдер Не деген бұл шоқ гүлдер, Түрлі түске боялған Исі жұпар анқыған.</p>	Балалар әнді тындал, не туралы айтылып жатқанына мән беріп тындаиды.

Ал балалар бүгінгі тақырып: «Аялайық гүлдерді» деп аталады. Ал балалар ауа райымызға бақылау жасайық және осы гуліміз қай мезгілінде шығады екен.

-Көктем мезгілінде.

Тағы көктем мезгілінде болатын қандай өзгерістерді білеміз? (көктемде жер көгереді, күн жылыйды, ағаштар бүршік атады)

-Көктем мезгілі неше айға бөлінеді? (уш айға наурыз, сәуір, мамыр)

-Наурыз айында қандай мерекелер болды? (Алғыс айту мерекесі, аналарды құттықтау мерекесі, Наурыз мерекесі)

Ал балалар мен сендерді мына гүлдермен таныстырып өтейін, бұл гүлдер бөлме гүлдері деп аталады. Бұл гүлдер ауамызды тазартады, бізге әдемілік үшін керек. Даала гүлдері: Қызгалдақ, бақ-бақ, бәйшешек, роза гүл.

-Бұл гүлдер аналарымызға сыйлау үшін керек, искеу үшін керек.

Ал балалар гүлдер туралы қандай тақпактар білісіндер?

Қандай мақал-мәтелдер білесіндер?

«Біз бақытты баламыз» (А.Айтұова) әнін тыңдау

Балалар  
сұрақтарға  
жауап  
береді.

### **Күтілетін нәтиже:**

**Біледі.** Гүлдер әнінің шырқалуын.

**Игереді:** Әнді тыңдай отырып, гүлдер биінің қозғалысын біледі.

**Менгереді:** Музыкаға қосылып ырғағына сай қимыл жасауды.

**(11-15.04 - 2022ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы**

Музыка жетекшісі: Ерболова .Y.C..

Әдіскер: Шамғанова С. О.

Сәхнегер 11.04.2022 ж.

<b>Сейсенбі - Бейсенбі Ортаңғы топ "Ертестік" 15-20 мин.</b>	<b>Сәрсенбі - Жұма Ортаңғы топ "Балауса" 15-20 мин.</b>	<b>Дүйсенбі - Жұма" Ортаңғы топ Күнишүақ" 15-20 мин.</b>	<b>Дүйсенбі - Сейсенбі" Ортаңғы топ Кызгалдақ" 15-20 мин.</b>
----------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка.

Тақырыбы: «Нанның қадірі»

Мақсаты: «Ат аласы – нағұдотен макалдың мағынасын түсіндіру. Балаларға наңды қастерлеу көркітіп түсіндіре келе, диканышылар еңбегімен таныстыру. Нанның әдам еңбегімен келетінін, оған көп күш жұмсалатынын түсіндіру.

Көрекілістер: Нанның түрлері, диірмениң көрінісінен видео фильм

Оку іс-әрекет кезеңдері	Әмбетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивацияның козғаушылық жүйесі	<p>Тәрбиені: Салеметсіздер ме, балалар!</p> <p>Еүтін бізде еркінде тақырып «Нанның қадірі» деп аталады.</p> <p>Үлкенге де сіз, кішіге де сіз, Баршанызды күрметтеп, бас иеміз біз.</p> <p>Армысындар, қонақтар! Армысындар, достарым!</p> <p>Дастарханында әр үйдін, Болсын қасиетті нанымыз!</p>	<p>Балалар мұғаліммен сәлемдесіп, зер салып мұқияттындайды.</p>

«Күлімдейік»

- Балалар, адам жанының, жүргегінің кілті – біздің езуімізде. Егер біз үнемі достарымызға, ата-анамызға, апайларға күлімдеп, жадырап, көңілді жүрсек, біз мейірімді, ақылды болып өсеміз. Жан-жағымызға күлкі сыйлайық.
- Балалар, бұғын оку қызыметіміз өте ерекше болмақ... Мен сендерге жұмбақ жасырайын, шешуін тауып көріндер:

Жұмбақ

Алтын сары тоны бар,

Асты тас, үсті тас,

Күйизинда дәні бар. (Еидай)

Ортасында піскен ас.(Таба нан)

«Ас атасы нан» әнін балалармен бірге тындау.

Балалардан әннің не туралы айтылғанын сұрау.

Сау болыңыздар балалар!

Балалар жұмбақты шешеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі.** Үлкендердің енбегін бағалауға, қасиетті нан тағамын қастерлеуге тәрбиеле.

**Игереді:** Әнді тыңдай отырып, мағынасын ұгады.

**Менгереді:** Музыкаға қосылып ырғагына сай қимыл жасауды.

**(18-22.04 – 202әж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы**

Музыка жетекшісі: Ерболова У.С..

Әдіскер: Шамғанова С. О.

Анна 18.04.2022 да

<i>Сейсенбі - Бейсенбі Ортаңғы топ "Ертөстік" 15-20 мин.</i>	<i>Сарсенбі – Жұма Ортаңғы топ "Балауса" 15-20 мин.</i>	<i>Дүйсенбі – Жұма" Ортаңғы топ Күнишақ" 15-20 мин.</i>	<i>Дүйсенбі – Сейсенбі" Ортаңғы топ Кызгалдақ" 15-20 мин.</i>
----------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------

**Білім беру саласы: Шығармашылық**

**Бөлімі: Музыка.**

**Тақырыбы: «Әдемі көбелек»**

**Мақсаты:** а) Көркем ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуеніді есту, сезіну ән айту қабілеттерін арттыруын дамыту.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Бірнеше себетке салынған гүл шоқтары, сымға қондырылған қағаздан жасалған көбелек.

**Сөздік жұмыс: Көбелек, ақ қанатты, кек қанатты.**

<b>Оқу іс-әрекет кезеңдері</b>	<b>Ән жетекшісінің іс-әрекеті</b>	<b>Балалардың іс-әрекеті</b>
<b>Мотивация лық-козгаушылық</b>	<p>Зал ішіне гүлдер қойылып, «гүл алаңы» жасалады. Музыка жетекшісі балаларды көңілді қарсы алады. «Гүлдермен би» (Т.Вилькорейская) жаттығуын қайталайды. Әуен ыргагын тыңдал, жеңіл, еркін қимылдауларын қағағалайды.  <b>Қане, достар, тұрмайық,</b>          Гүлдерді тез жинайық,-деп, гүлдерді себетке жинап салуды ұсынады. Музыка жетекшісі себеттерді залдың ортасына қойып, көбелекті «ұшырып», әкеледі. Музыка жетекшінің қалауымен үнтаспада вальс ойналып, көбелек сымын ыргақпен қозғайды.  <b>Дала гүлге толыпты,</b>          Көбелек гүлге қоныпты.-деп, көбелекті гүлдерге қондырады.  <b>-Балалар, қарандаршы, қандай әдемі көбелек!</b> Қанаттары құлпырып, көз тартады. Көбелекті гүлге қондырдық, енді ән тыңдайық.</p>	<p>Балалар музыка әуенімен залға кіріп, гүлдерге көңіл аудара қарап, қызықтайды.          Гүл алаңынан ұнаған гүлдерін таңдалап алады.          Балалар үлкендердің көрсетуімен бірге билеуге әрекет етеді.          Көңілді жүгіре басып, гүлдерді себеттерге салуға талпынады.          Балалар, «ұшып жүрген» көбелекті көріп куанады.          Көбелекке жақындал, қызықтайды.          Қанаттарын ұстап көруге талпынады.          Балалар әнді шаттана қбылдал, мәтінге сай қимылдарды көрсетеді.          Қолдарын созып күнді, саусақтарын қозғалта тамшыларды бейнелеп көрсетеді.</p>

	<p>Ән тыңдау «Көктем» (К.Қуатбаев, А.Асылбек). Әннің 2-шумағын орындаған береді. Ән мәтініне сәйкес, балалардың, педагогпен бірге қимыл-қозғалыс жасауларын бақылайды.</p> <p>«Гүлзардағы көбелектер» ойыны.</p> <p>«Вальс» айналыш, (А.Арсенский). Ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды.</p> <p>Әуенниң соңында «көбелектерді» гүлге қондыру қажеттігін түсіндіреді.</p>	<p>Қолдарын екі жаққа созып, көбелек қанаттарын көрсетіп, жеңіл жүгіреді, айналады.</p> <p>Балалар гүлдерге бөлініп, жүгіреді, қуанады. Қолдарын созып, көбелектердің қанатын бейнелеуге әрекеттенеді.</p> <p>Әуенмен ілесе жеңіл жүгіріп, бір орында айналыш, гүлге жақындаған отырады. Көбелектер «гүлге қонағы».</p>
--	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

### Күтілетін нәтиже:

**Біледі.** Гүлдер әннің шырқалуын.

**Игереді:** Әнді тыңдай отырып, гүлдер биінің қозғалысын біледі.

**Менгереді:** Музыкаға қосылып ырғағына сай қимыл жасауды.

(25-29.04 - 2022ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Музыка жетекшісі: Ерболова .Y.C..

Әдіскер: Шамғанова С. О.

*Алғашын 25.04.2022н.*

<i>Сейсенбі - Бейсенбі Ортаңғы топ "Ертөстік" 15-20 мин.</i>	<i>Сәрсенбі – Жұма Ортаңғы топ "Балауса" 15-20 мин.</i>	<i>Дүйсенбі – Жұма" Ортаңғы топ Күншуақ" 15-20 мин.</i>	<i>Дүйсенбі – Сейсенбі" Ортаңғы топ Кызгалдақ" 15-20 мин.</i>
----------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка.

Тақырыбы: «Еңбектің наны тәтті»

Мақсаты: «Еңбектің наны тәтті» сөзін нақтыладап түсіндіру. Еңбексүйгіштікке, қолқанат болуға баулу. Әнді түсіне, соңына дейін тыңдауға үрету. Таныс әнді тани білурлерін байқау.

Көрнекіліктер: Тәлдердің суреттері.

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Ән жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Мотивациялық қозғаушылық</b>	<p>Еңбек - бәрін де женбек Мақсаты: Балаларды еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру. Еңбек етуге деген қызығушылықтарын, ой - қиялын, тілдерін дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көрнекті құралдар: сюжетті суреттер, наң, дирмен, бидай, ұн, тоқаштар.</p> <p>Шаттық шебері..</p> <p>Амандасу. Біз әдепті баламыз, Біз ерекше боламыз, Қонақтарды көргенде, Сәлеметсіздер ме! – деп сәлемдесіп аламыз. Балаларга жаңа сабакты түсіндіру. Біз бүтін жаңа сабакта еңбек жайлы билетін боламыз. Тақтадан еңбек туралы суреттерді көрсетіп түсіндіру, сұракқа жауаптар алу. Еңбек түрлері көп: жазғы еңбек, құзғі еңбек, қысқы еңбек және көктемгі еңбек болып бөлінеді. Әр мезгілдің өзіне тән ерекшеліктері бар екен.</p> <p>Ән тыңдау: «Кішкентай бағандар» әні А. Еспенбетова</p>	<p>Балалар тәрбиешімен бірге шенбер құрып тұрады, сәлемдеседі.</p>

Еңбек дегеніміз – адамның өмір сүруі үшін қажетті іс – әрекеттер.  
 - Еңбек тұрларін білесіндер ме?  
 - Еңбек ету адамға қажет деп ойлайсындар ма?  
 (халық мақалы)

Кырга шықсаң өрлең,  
 Мұның аты - Еңбек.  
 Кесте тіксен зерлең,  
 Мұның аты - Еңбек.  
 Сабагыңа жөндеп,  
 Әзірленсөң - Еңбек.  
 Нұрасіл. Ғұл отырғызысан терлең,  
 Мұның аты - Еңбек.  
 Жақсат. Қыындықтың берің,  
 Еңбек қана женбек.  
 «Әли мен Аян, талқан нан» туралы ертеғі.(компьютерден көрсету)

Мақал - мәтеддер:  
 Еңбектің наны тәтті,  
 Жалқаудың жаны тәтті.

Еңбек етсөң ерінбей,  
 Тояды карыңқ тіленбей.

Еңбек ер атандырады.

- Балалар ендеше орнымыздан тұрып бойымызды сергітіп алайык.

Сергіту сәті:  
 «Көңілді құн» әуеніне би кимылдар келтіру. (Кимылмен көрсету)  
 - Ойын: «Ормандағы аю»

Шарты: Балалар орманға барып күлпінай тереді, үйкітал жатқан аюды оятып алады, аю балаларды қуалайды. Балалар өздерін бақытты сезініп қуанады.

Қорытындылау:  
 Балалар біз не жайлы білдік?  
 Еңбек тұрларін атап беріңдер?  
 Нан қандай еңбекпен келді?  
 Еңбектенген адам мұратына жетеді.

Балалар  
мақалдарды  
мұқият  
тындаиды.

Балалар  
жетекшінің  
көрсеткен  
кимылдарын  
бірге  
орындаиды.

### Күтілетін нәтиже:

**Біледі.** Еңбек тұрларін атауын.

**Игереді:** Әнді тындаі отырып, «Көңілді құн» әуенінің қозғалысын біледі.

**Менгереді:** Музыкаға қосылып ырғағына сай қимыл жасауды.

**(2-6.05 - 2022ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы**

Музыка жетекшісі: Ерболова .Y.C

Әдіскер: Шамғанова С. О. Сейсенбі 02.05.2022 ж.

<b>Сейсенбі – Бейсенбі Ортаңғы топ "Ертөстік" 15-20 мин.</b>	<b>Сәрсенбі – Жұма Ортаңғы топ "Балауса" 15-20 мин.</b>	<b>Дүйсенбі – Жұма" Ортаңғы топ Күнишұақ" 15-20 мин.</b>	<b>Дүйсенбі – Сейсенбі" Ортаңғы топ Кызгалдақ" 15-20 мин.</b>
----------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------

Білім беру саласы: Шығармашылық  
Бөлімі: Музыка.

Тақырыбы: «Тату доспыз беріміз»

**Мақсаты:** а) **Мақсаты:** Әнді жеңіл, ширақ орындау дағдыларын бекіту. Халықтар достығы мен бірлігі туралы билетін мағлұматтарын анықтау. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көнілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту.

Көрнекілігі: Тақырыпқа сай жинақталған материалдар, тайтұяқ, асатаяқ.

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Ән жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- козғаушылық	<p>Балаларды музика залында көңілді қарсы алады. Амандасады. -Амансыңдар ма, достарым! Сендерді көргеніме қуаныштымын! Куаншаттан алақай! Куанатын кез келді. Күліп шықты күн бүтін Қайырлы таң балақай! -Балалар, бүтін жаңа оқу жылы басталды. Жастарың бір жасқа үлкейді. Енді сендер ересек балалар болдыңдар.</p>	<p>Балалар музика залына көңілді мерекелік маршпен келеді. Амандасады. Шенбер бойымен жүгіреді, жүреді</p>

Балалар біз,бір-бірімізben татумыз,доспзы.Әрқашан бірге ойнаймыз,бірге тамақ ішеміз,күні бойы біргеміз. Қазір ойналатын музыканың не туралы екенін,ден қойып тыңдаңдар.

**Ән тыңдау:** «Мамыр ай – мереке» (музыкасын жазған Қ.Қайым)

-Барлығымыз бір аспанның астында бақытты өмір сүрудеміз,ғондықтан бір-бірімізben дос тату-тәтті дос болуымыз керек.

**Ән үйрену:** «Тату доспзы бәріміз», «Мамыр айы» (музыкасын жазған Е.Менделев,сезін жазған Ф.Оңғарсынова, Б.Бәлденбаев)

Ән айттар алдында алдымен ережелерді еске түсірейік. Әнді айту кезінде денені тік ұстап, дауысты дұрыс шығаруды,бірін-бірі тыңдал айтуы қажет.

Әннің мәтінін оқып,бір шумағын қайталату. Музыка жетекшісі әнді әуенімен айтқызады.

**Әуенді ырғакты қимыл:** «Серуендейміз,билейміз», «Мы веселые друзья»

(А.Тоқсанбаев); (А.Филиппенко)

Балаларды екі-екіден қол ұстастырып,еркін қимылмен серуендетіп жүргізу.Әуен өзгергенде бір-біріне бұрылыш,қолдарын белдеріне қойып,аяқты топылдатқызу.Келесі әуенде қол ұстастырып,шыркөбелек айналдыру.Әуенді тыңдай отырып,өз беттерінше қимылдауга дағдыландыру.

Музыка жетекшісі іс-әрекетке белсене араласқан балаларды көтермелеп,мақтау айтады.

Балалар әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. Достық туралы түсініктерін жеткізуге тырысады.

Балалар ережелерді сақтайды.Әннің мәтінін үйреніп,әуенге қосылып емін-еркін кимылдарды жасайды.

Балалар музыка ырғагына ілесіп аяқтарын топылдатады.Қол ұстасып женіл айналады.

### **Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** әнді дұрыс түсіне білу,әуенге ілесе айта білу.

**Игереді:** татулық,достық түсініктерін.

**Менгереді:** әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағыларын.

**(11-13.05 - 2022ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы**

Музыка жетекшісі: Ерболова .Y.C

Әдіскер: Шамғанова С. О. 11.05.2022 ж.

<b>Сейсенбі – Бейсенбі Ортаңғы топ "Ертөстік" 15-20 мин.</b>	<b>Сәрсенбі – Жұма Ортаңғы топ "Балауса" 15-20 мин.</b>	<b>Дүйсенбі – Жұма" Ортаңғы топ Күнишuaқ" 15-20 мин.</b>	<b>Дүйсенбі – Сейсенбі" Ортаңғы топ Кызгалдақ" 15-20 мин.</b>
----------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка.

Тақырыбы: «Ел қорғауға әзірміз»

**Мақсаты:** а) Мақсаты: Жеңіс күнінің мәнін түсіндіру. Әндегі тіркестердің дауыс интонациясына салып айту дағдыларын бекіту.

**Көрнекілігі:** Жайлаудың жалаушының суреттері.

Оқу іс- әрекет кезеңдері	Ән жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-козгаушылық	<p>Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы</p> <p>-Балалар, сәлеметсіңдер ме? (амандасып алады)</p> <p>-Сәлеметсіз бе.</p> <p>-Балалар, қарандаршы біздің топқа мына бір сиқырлы сандықты қойып кетіпти.</p> <p>Балалар сандыққа мүқият қарап, ішінде не болуы мүмкін деп өз ойларын айтады.</p> <p>-Балалар, бұл жай сандық емес, сиқырлы сандық сияқты.</p> <p>-Қарандар, сандықтың астында хат бар екен. Қәне оқып көрейік. Құрметті бұлдіршіндер! Мына сандықты сендерге сыйлыққа әкеліп тастап кеттім, бірақ оны ашу үшін бірнеше тапсырмаларды орындау керек.</p> <p>-Ал балалар, орындалп қөреміз ба тапсырмаларды?</p> <p>-Иә, орындеймыз.</p> <p><b>1-тапсырма:</b></p> <p>-Мамыр айында қандай мерекелер бар?</p> <p>-Мамыр айында Ұлы жеңіс мерекесі бар.</p> <p>-Ол мереке несімен ерекше?</p> <p>-Бұл еркіслердің, яғни ата, әке, ағаларымыздың мерекесі. Біздің ата-бабаларымыз 9-мамыр күні бізге жеңіс сыйлаған.</p> <p>Ол жеңіс аталарымыздың айтуы бойынша оңай келмеген.</p> <p>-Жарайысндар, балалар! Ал енді осы мерекеге арналған өлең-шумақтарың бар болса, айтып бересіндер ме?</p> <p>-Иә, біз бұл мерекеге баланысты көптеген өлең-шумақтарын жаттадық-деп әр бала өзінің жаттағандарын айтып береді.</p>	<p>Балалар музыка залына көңілді мерекелік маршпен келеді. Амандасады.</p> <p>Шеңбер бойымен жүгіреді, жүреді.</p>

## Үйндастыру- іздену

### 2-тапсырма:

-Балалар, мен сендерге осы мерекеге арналған «Ел қорғауға әзірміз» атты М.Әлімбаевтың өлең-шумақтарын оқып берейін, сендер де қайталап жаттауға тырысындар.

Қайталап, жаттауға ынталанады.

-Енді балалар, ең соңғы тапсырма қалды, соны орында мас бұрын бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті:

-Оңға қара, солға қара,

Жан-жағында толған ара.

Олай бұғып, былай бұғып,

Өзінде-өзің қорға бала.

Билингвалдық компонент: мереке-праздник

-Балалар қайталап, жаттауға ынталанады.

### 3-тапсырма:

-«Мен өскенде кім болам» деген сұраққа өз ойларымызды айта кетейікші, балалар?

-Дәрігер болам, мұғалім болам, ұшқыш болам деп әрқайсысы айтып өтеді.

Қорытынды:

Сұрақ- жауап арқылы балалардың білімдерін бекіту. Белсенді балаларды мадақтау.Баяу балаларды ынталандыру.

Балалар әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді.

Балалар ережелерді сақтайды.Әннің мәтінін үйреніп,әуенге қосылып емін-еркін қимылдарды жасайды.

### Күтілетін нәтиже:

**Біледі:** Әнді әуенге ілесе айтуды.

**Игереді:** Әуен ырғағымен әнді айтуды.

**Менгереді:** Әндітында, мәтінін әңгімеледі, ырғақпен қозғалуды.

(16-20.05 - 2022ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Музыка жетекшісі: Ерболова .У.С

Әдіскер: Шамғанова С. О.

Алғендер 16.05.2022 ж

<i>Сейсенбі – Бейсенбі Ортаңғы топ "Ертөстік" 15-20 мин.</i>	<i>Сарсенбі – Жұма Ортаңғы топ "Балауса" 15-20 мин.</i>	<i>Дүйсенбі – Жұма" Ортаңғы топ Күнишүақ" 15-20 мин.</i>	<i>Дүйсенбі – Сейсенбі" топ Кызгалдақ" 15-20 мин.</i>
----------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------

Білім беру саласы: Шығармашылық

Белімі: Музыка.

Тақырыбы: «Алақай, жаз келді!»

Мақсаты: а) Мақсаты: ырғақты сезіну, жоғарғы және төменгі дыбыстар үғымдарын түсіну дағдыларын бекіту.

Көрнекілігі: Текшелер, тақырып бойынша суреттер.

Оқу іс-әрекет кезеңде рі	Ән жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Анаң, күнің жүргегің, Әкең өмір тірегің. Сен бақытты ұлансың, Бәрі саған қуансын. Қайырлы күн қонақтар!</p> <p>Жарайсыңдар, балалар бүгінгі күндеріңізге сәттілік тілеймін, орнымызға жайғасайық.</p> <p>Балаларға «Қазақ маршы» (Е.Затаевич) әуеніне шеңбер бойымен жүруді ұсынады. Шеңберден шықпай, тізбектеле жүріп, тұлғаларын түзу ұстайлардың көтеріп журулерін қадағалайды.</p> <p>«Жаттығу» (А.Райымқұлова, А.Асылбек) әуеніне шеңбер бойымен тұрып, ән мәтініне сай аяқ топылдатуды, қол шапалақтауды көрсетіп, үйретеді. Балаларды екі топқа бөліп, кезекпен жаттығуды орындауды ұсынады. Балаларға оркестрдің суретін көрсетіп, әртүрлі аспаптар туралы түсінік береді. Балалардан таныс аспаптарды атап көрсетулерін сұрайды. Барлық аспаптардың қосылып, үндесіп, әсем әуен шығаратынын жеткізеді.</p>	<p>Балалар ережелерді сақтайды. Эннің мәтінін үйреніп, әуенге қосылып, емін-еркін қимылдарды жасайды.</p> <p>Балалар музыка ырғағына ілесіп, аяқтарын топылдатады. Қол ұстасып женіл айналады.</p>

Ұйымдастыру-іздену	<p><b>Ән тыңдау:</b> «Жаз келеді, алақай!» (Қазақ халық әні)</p> <p>-Барлығымыз бір аспаннанң астында бақытты өмір сүрудеміз, соңдықтан бір-бірімізben дос тату-тәтті дос болуымыз керек.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Кішкентай солдат»(Ө.Байділдаев)</p> <p>Ән айттар алдында алдымен ережелерді еске түсірейік. Әнді айту кезінде денені тік ұстап, дауысты дұрыс шығаруды, бірін-бірі тыңдалап айтуы қажет.</p> <p>Әннің мәтінін оқып, бір шұмағын қайталату. Музыка жетекшісі әнді әуенімен айтқызады.</p> <p><b>Әуенді ырғақты қимыл:</b> «Қораз, тауық, балапандар»          («Әр күніміз бақытты» әдістемелік жинағынан);</p> <p>Ойын шартын түсіндіреді: Балалардың имитация түрінде аспаптарда ойнау қимылын бірге көрсетулерін сұрайды, әнді ырғақымен, әндете айтуларын қадағалап, ескертеді..</p> <p>Музыка жетекшісі іс-әрекетке белсене араласқан балаларды көтермелеп, мақтау айтады.</p>	<p>Дауыс жаттығуын әндете дауыстап айтуға талынады. "r" әріпін анық айтуға, дұрыс тыныс алуға тырысады. Көңілді әнге еліктеп, аспаптар атын бірге әндестеді.</p> <p>Әннің мазмұнын түсініп, жеткізе білуге әрекеттенеді. Балалар ойынға белсене араласады. Әннің әуенін дәл келтіріп, аспаптарда ойнауды имитация арқылы көрсетеді.</p>
Жетекші-жөндеуші	<p>"Еркем-ай" әнін оркестрде ойнауды ұсынып, балаларға өздері қалаған аспаптарын таңдауға рұқсат береді.</p> <p>Оркестрде қандай аспаптар ойнайды?</p> <p>Дирижер дегеніміз кім?</p> <p>Біздің оркестрімізде қандай аспаптар бар?</p> <p>Жаңа әннің сипаты, екінің қандай? Сұрақтар қойып оку іс-әрекетін бекітеді. Балаларды мадақтайды. Үйден қатты қағазға домбыраның суретін салып, қып әкелуді ұсынады.</p>	<p>Балалар аспаптарды таңдалап алыш, іннің ырғақымен өз партияларын орындаиды.</p> <p>Сұрақтарға толық жауап береді.</p> <p>Концерт, теледидардан көргендерін, тыңдаған оркестрлері туралы әнгімелейді.</p>

F

### Күтілетін нәтиже:

B

**Біледі:** Көктем құбылыстарын айта біледі.

**СИгереді:** Бұршік атты, сай-саладан су акты деген түсініктерді.

**Менгереді:** «Қақпа» ойынын ойнауды, әнді нақышына келтіре орындауды.

**(23-27.05 - 2022ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы**

Музыка жетекшісі: Ерболова .Y.C

Әдіскер: Шамғанова С. О.

Одесе 23.05.2022

<i>Сейсенбі – Бейсенбі Ортаңғы топ "Ертөстік" 15-20 мин.</i>	<i>Сәрсенбі – Жұма Ортаңғы топ "Балауса" 15-20 мин.</i>	<i>Дүйсенбі – Жұма" Ортаңғы топ Күншуюқ" 15-20 мин.</i>	<i>Дүйсенбі – Сейсенбі" топ Кызгалдақ" 15-20 мин.</i>
----------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка.

**Тақырыбы:** «Өнерпаз баламыз!»

**Мақсаты:** Мақсаты: Эүенге эмоциялық үн қосу, ырғақты сезіну, жоғарғы және төменгі дыбыстар үғымдарын түсіну дағдыларын бекіту.

**Көрнекілігі:** Тайтүяқ, асатаяқ, үйшік, бас киімдер, көңілді текше.

Оқу іс- әрекет кезеңдері	Ән жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Балалалар достық шеңберіне отырайық! Біз бүгін атымызға сай әдемі сөздер айтамыз, бірақ бірінші әріпі ұқсас болу керек,</p> <p>Балалар сендер есімдерің жайлы ойланып көрдіндер ма? Есімдерің ұнай ма? Оны кім қойғанын білесіндер ма?</p> <p>Балаларға адам есімінің сырын үғындыру мақсатында төмендегі мәтіндерді оқып береді.</p> <p>Мәтін желісі бойынша сұрақтар қояды.</p> <p>Жүректен жүрекке балалар шеңбер құрып, шаттық шеңберде Ө.Тілеуовтың «Кел, балалар, күлейік» өлеңін таспаға қосылып тәрбиешімен бірге айтамыз</p>	Балалар сұрақтарға жауап береді.

<p><b>Ұйымдастыру-іздену</b></p>	<p><b>Тыныштық сәті:</b> Балалар , денелерінді тік ұстап, бастарынды жоғары көтеріп, ыңғайланып отырындар. Көздерінді жұмып, ауаны терең жұтып, еркін тыныс алындар. Өздерінің тыныс алуларынды бақылап, бақытқа, махаббат пен тыныштыққа толы таза, шипалы ауаның тұла бойларыңа толғанын сезініндер. Ал енді көздерінді асаңдар болады.</p> <p><b>Ойын «мадақтау»</b></p> <p><b>Сергіту сәті:</b></p> <p>Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз Бұрыламыз оңға бір Бұрыламызсолға бір Біздер тату баламыз Гүл –гүл жайна жан</p>	<p>Өлең мазмұнына сәйкес қимылдар жасайды</p> <p>Балалар бір сәт тыныштық сезінене ие болады.</p> <p>Балалар жазып көреді.</p> <p>Сөздің мағынасын қалай түсінгенін айтады. Жаттайтын</p>
<p><b>Жетекші-жөндеуші</b></p>	<p>Балар бүгінгі сабакта не туралы айттық? Қандай нақыл сөз жаттадық? Қандай есімдер бар екен ?</p>	

### **Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Тайтұяқтың ерекшелігін.

**Игереді:** Бүршік атты, сай-саладан су ақты деген түсініктерді.

**Менгереді:** «Өнерпаз бала» әнін нақышына келтіре орындауды.